

Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 9 қараша N 1241. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.12.19. N 1784 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі орталық аппаратының Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген құрылымы қосымшаға сәйкес, осы аппарат қызметкерлерінің саны шегінде 68 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын

қорғау министрлігіне Министрдің 2 орынбасарын, сондай-ақ құрамы 7 адамнан тұратын алқа ұстауға рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің орталық аппараты үшін қызметтік 3 жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 9 қарашадағы
N 1241 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының Геология және жер
қойнауын қорғау министрлігі орталық аппаратының
ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық және басшылық жанындағы аппарат

Мұнай және газ жөнінде жер қойнауын геологиялық зерттеуді
және игеруді талдау мен болжау басқармасы /жетекші/

Қатты пайдалы қазбалар жөнінде жер қойнауын геологиялық
зерттеуді және игеруді талдау мен болжау басқармасы /жетекші/

Экономика, қаржыландыру және бухгалтерлік есеп басқармасы
/жетекші/

Жер қойнауын қорғау басқармасы /жетекші/

Гидрогеология бөлімі /жетекші/

Нормативтік-құқықтық сектор

Бірінші бөлім

Кадр бөлімі